МЕГАПОЛИС



АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ БРЕНДІ 4

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №89 (6651) 10 қазан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ПРЕЗИДЕНТ

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті

**9 қазанда Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласына сапармен барған Қазақстан Президентін халықаралық әуежайда Тәжікстан Премьер-министрі Кохир Расулзода қарсы алды.**

Кеше Мемлекет басшысы Тәжікстан Президентімен кездесу өткізді. Кездесу барысында екі ел басшылары Қазақстан мен Тәжікстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуға бейіл екендерін растады.Тараптар бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толық жүзеге асырудың маңызына тоқталды.Сондай-ақ, өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Орталық Азия – Ресей» саммитіне және ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысуы жоспарланған.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**



ТУРИЗМ

# ҮЛКЕН АЛМАТЫ ШЫҢЫ:

## тауға шығуды есепке алатын автоматты құрылғы орнатылды

**Жоба қалалық Туризм басқармасы тарапынан туристік инфрақұрылымды дамыту және белсенді әрі экологиялық демалыс саласына цифрлық технология енгізу аясында жүзеге асырылып отыр.**

Мақсат – тауға шығушылардың белсенділігін дәл есептеу. Құрылғы танымал тау бағыттарында өрлеудің санын тіркеп, келушілер статистикасын қалыптастыруға, маршруттардағы жүктемені талдауға және қауіпсіз әрі тұрақты туризм жүйесін дамытуға мүмкіндік береді.

Құрылғы ауа райының кез келген жағдайында жұмыс істейді және өрлеуді адамсыз өзі-ақ автоматты түрде есептемек. Жиналған мәліметтер туристер санын талдау, навигация жүйесін жетілдіру және таудағы қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында пайдаланылады. Қазан айының соңына дейін осындай құрылғылар Қаныш Сәтбаев және Жастар шыңына да орнатылмақ.

Мұндай жүйелер тау туризмі дамыған Швейцария, Австрия, Жаңа Зеландия мен Норвегия сынды елдерде кеңінен қолданылады. Онда есепке алушы құрылғылар маусымдық жүктемені бақылауға, туристер санын реттеуге және табиғи экожүйелерді сақтауға көмектеседі. Алматы да осы озық тәжірибені Іле Алатауының табиғи ерекшеліктеріне бейімдеп енгізіп отыр.Туризм басқармасы саяхатшылардан орнатылған жабдыққа ұқыпты карауды және құрылғыны қолмен баспауын сұрайды. Бұл нақты статистикалық деректерді анықтау үшін қажет.




**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:
@AQSHAMY_KZ
TikTok
@AQSHAM_NEWS
www.aqshamnews.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

# ГАБАЛА САММИТІ:

## Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары бас қосты

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 7 қазанда Әзербайжанның Габала қаласына барды. Онда Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары кеңесінің XII саммитіне қатысты. Президент ұйымның дамуына байланысты бірнеше ұсыныс жасады.**




Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары кеңесінің XII саммиті Габаладағы Конгресс-орталықта өтті. Саммитте Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркі мемлекеттері ұйымының бас хатшысы Кубанычбек Өміралиев және байқаушы тараптардың басшылары сөз сөйледі. Алқалы жиында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұйымның дамуына байланысты бірнеше ұсыныс жасады. Атап айтқанда:

• **«Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматы.** Президент «Түркі мемлекеттері ұйымы+» форматын құру идеясын қолдады.

• **Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес.** Президенттің айтуынша, Түркі мемлекеттері аумағында тұрақтылықты, қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайту ісінде Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің рөлі мен әлеуеті ерекше. Сондықтан осы Кеңес аясында жұмысты арттыруға шақырды. Әсіресе, оны Ұйымға айналдыру мәселесіне баса назар аударды. Бұл істе Әзербайжанның қолдау көрсеткеніне ризашылығын білдірді.

• **Киберқауіпсіздік кеңесі.** Мемлекет басшысы ұйым аясында Киберқауіпсіздік кеңесін құру идеясын ұсынды. Қазір барлық елдер онлайн алаяқтық, кибер шабуыл құрбандарына айналды. Осыған орай Президент бастамасы Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттер арасында трансшекаралық киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды ұсыныс болып саналады.

• **Экономикалық ынтымақтастық.** Қасым-Жомарт Тоқаев ұйым аясында сауда-экономикалық байланысты нығайта түсуді ұсынды. Ол үшін Түркі инвестициялық қоры мен Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының жұмысына тоқталып, ерекше әлеуетін атап өтті.

• **Көлік-логистика.** Президент көлік-логистика саласындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруді басты міндеттің бірі санайтынын мәлімдеді. Әсіресе, Транскаспий халықаралық көлік бағдарына ерекше мән берді. Себебі, Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетін әртараптандыру ісінде бұл бағыт аса маңызды.

• **ЖИ және цифрландыру.** Президент Қазақстанның жасанды интеллект мамандарын оқытатын тұңғыш зерттеу университетін ашуды жоспарлап отырғанын мәлімдеді. Осыған орай, ұйымға мүше мемлекеттердің жастарына арнайы грант бөлуді ұсынды. Сондай-ақ, Alem.AI жасанды интеллект орталығы негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық инновациялар орталығын құруды ұсынды.

• **Энергетика және су.** Мемлекет басшысы энергетика мәселесіне ерекше мән бере отырып, Түркі мемлекеттері ұйымы аясында Энергия тиімділігі жөніндегі озық тәжірибе кеңесін құруды ұсынды. Кеңесті құруда Қазақстан, Әзербайжан және Өзбекстан арасындағы жасыл энергия дәлізін құру тәжірибесін назарға алуға шақырды.

Бұдан бөлек, Президент Орталық Азиядағы су тапшылығы мәселесін көтерді. Оны шешу үшін суару жүйесіне цифрлық бақылау орнату, тамшылатып суару әдістерін кеңінен қолдану, су қоймаларының тиімділігін арттыру жөнінде бірлескен бағдарлама қабылдауға шақырды.

Габала саммитінен бастап бір жыл Ұйымға төрағалықты Әзербайжан атқарады. Елдің Президенті Ильхам Әлиев өз сөзінде бұған дейін Ұйымға төрағалық еткен Қырғызстанға ризашылығын білдірді. Оның сөйлеген сөзінен Әзербайжанның Түркі мемлекеттері ұйымын геосаяси жоба ретінде қарайтынын байқауға болады. Сондықтан ұйым аясында әскери әріптестікті нығайтуға мән берді. Әсіресе, Түркиямен әріптестікке тоқталып өтті. Бұдан бөлек, көлік-логистика, энергетика салаларын дамытуға шақырды.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келгенін жетістік ретінде бағалады. Сондай-ақ, Әзербайжан тарапын 2026 жылы Қырғызстанда өтетін Бүкіләлемдік көшпелілер ойынына құрметті қонақ ретінде келуге шақырды.

Түркия Президенті Режеп Ердоған ұйымға мүше мемлекеттерді «Үлкен түркі тілі» моделі аясында жұмыс істеуге шақырды. Бұдан бөлек, Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт келісімді қолдайтынын мәлімдеді.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев ұйымның сауда-экономикалық, көлік салаларында дамуына ерекше назар аударды. Бұл жағынан Өзбекстанның ұстанымы Қазақстанға ұқсас. Бұдан бөлек, Әзербайжан мен Армения арасындағы бейбіт келісімді қолдайтынын мәлімдеді.

Түрікменстан Халк Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов ұйымға мүше мемлекеттерді ынтымақтастықты дамытуға шақырды.

Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан энергетика саласындағы әріптестікке мән берді. Әсіресе, Әзербайжанның газ өндірісіне Мажарстанның компанияларының енуіне жағдай жасағанына алғыс білдірді.

• **Габалада өткен Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшылары кеңесінің XII саммитінде әр мүше мемлекет басшылары ұйымның даму бағытына қатысты өз көзқарасын айтты.**



**Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.**

ӘКІМ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ

# ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ

## белгіленген мерзімде қауіпсіз әрі сапалы орындалуға тиіс

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қаладағы абаттандыру және инженерлік инфрақұрылым нысандарын аралады. Сапар барысында Республика алаңындағы субұрқақтарды жаңарту, Назарбаев даңғылының батысында орналасқан жаңа сквердің құрылысы және Луганский көшесіндегі жерасты газ құбырының қайта жаңғыртуы қаралды.**

Субұрқақтарды жаңарту кезінде олардың тарихи келбеті сақталып, сәулетші Қ.Монтахаевтың 1979 жылы жасаған сәулеттік мұрасы қайта қалпына келтірілуде. Жоба аясында еуропалық өндірістегі заманауи сорғы және жарық жабдықтары, автоматтандырылған басқару жүйесі және сұйық хлор қолданбай суды тазарту жүйесі орнатылады. Шаһар басшысы қайта жаңғырту жұмыстарының белгіленген мерзімде әрі сапалы, қауіпсіз орындалуға тиіс екенін атап өтті.

Әкім барған нысандардың бірі – Назарбаев даңғылының батысында, Ганди көшесінің солтүстігінде салынып жатқан жаңа сквер. Сквердің жалпы аумағы 4,16 гектар, оның ішінде 28 658 шаршы метр көгалдандыру аймағы. Мұнда 245 жарық шамын, 77 орындықты және 52 қоқыс жәшігін орнату көзделген.

Сапар соңында Дархан Сатыбалды орта қысымды жерасты газ құбырын қайта жаңғырту барысымен танысты. Жұмысты «ТАПС» ЖШС компаниясы мен «QazaqGaz Aimaq» АҚ бірлесіп қолға алған. Жалпы ұзындығы 4 шақырым болатын құбырдың 1951 метрі төселді. Диаметрі 530 мм жаңа газ құбыры ескі 426 мм желіні алмастырады. Бұл қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі 9 мыңға жуық абонентті газбен қамтудың сенімділігін арттырады. Әкім құрылыс қарқынын жеделдетіп, жұмысты қазан айының соңына дейін аяқтауды тапсырды.

• **Айта кетейік, бұл жұмыстар Алматы қаласының инженерлік және қоғамдық инфрақұрылымды жаңғырту жөніндегі кешенді бағдарламасы аясында жүргізіліп жатыр. Барлық жоба қала мен аудан әкімдіктерінің тұрақты бақылауында.**

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ӘКІМ

## Ашық диалог алаңы:

# ӨТІНІШТЕР БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

### әрқайсысы бойынша нақты шешімдер қабылданады

**«AMANAT» партиясының қалалық филиалында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының азаматтарды жеке қабылдауы өтті.**



Шаһар басшысымен кездесуде қала тұрғындары абаттандыру, көлік инфрақұрылымы, қоғамдық қауіпсіздік, сумен жабдықтау, тұрғын үй құрылысы және аға буынды қолдау мәселелерін көтерді.

Қала әкімі мұндай қабылдаулардың тұрғындарды тікелей тыңдап, олардың өтініштеріне дер кезінде жауап беруге мүмкіндік беретінін атап өтті: «Азаматтар көтеріп отырған мәселелер – әрбір алматылықтың өмір сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты. Барлық өтініштер бақылауға алынды, әрқайсысы бойынша нақты шешім қабылданады», – деді Дархан Сатыбалды.

Қабылдау қорытындысы бойынша нақты шаралар қабылданып, тиісті тапсырмалар берілді. Атап айтқанда, жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу мақсатында қосымша жол белгілері мен бейнебақылау камералары орнатылады. Сондай-ақ, тұрғын үй кешенінің құрылысының заңдылығына тексеру жүргізу жоспарланған. Электрмен жабдықтау мәселелерін зерделеу үшін мамандар жергілікті жерде тексеріс жасайды.

- **Азаматтарды жеке қабылдау «AMANAT» партиясының қолдауымен тұрақты түрде өткізіліп келеді. Мақсат – қала тұрғындары мен атқарушы органдар арасында ашық диалог орнатып, өзекті мәселелерді жедел шешу.**

БИЗНЕС-ФОРУМ

# NEW VISION 2025:

### әлемдік спикерлер дәрісі

**Алматы әлемнің түкпір-түкпірінен келген кәсіпкерлер, инвесторлар мен визионерлердің басын қосқан орталыққа айналып отыр.**

Шаһарда 9-11 қазан аралығында өтетін New Vision 2025 жаңа идеялар мен серпінді стратегиялар форумының екінші маусымы 7000-нан астам қатысушы мен 100-ден аса халықаралық компанияның басын қосып, қаланы нағыз мүмкіндіктер алаңына айналдырмақ. Форумды YPO Kazakhstan және Nobel Fest ұйымдастырып, оған Алматы қаласы әкімдігі қолдау көрсетеді. Үш күн бойы ашық аспан астында бизнес-қала бой көтеріп, төрт алаңда әлемдік спикерлердің дәрістері, шеберлік сағаттары мен нетворкинг-сессиялар өтеді.

Биылғы форумның басты тақырыбы – FUTURE READY: 2026 серпінді стратегиялары.Қатысушылар мегатрендтерді, өзгерістер дәуіріндегі көшбасшылықты, технология дамуын және болашақтың инвестициясын талқылайды. Алқалы жиында қазақстандық, шетелдік танымал кәсіпкерлер сөз сөйлейді. New Vision 2025 бүгінде Орталық Азиядағы басты бизнес-форумдардың бірі атанып отыр. Бұл іс-шара жаһандық көшбасшылар мен жергілікті кәсіпкерлердің басын қосып, идеяларды жүзеге асырып, серіктес табуға мүмкіндік береді.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

## «Таза Қазақстан» бағдарламасы:

# ТАЗАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталған маңызды бастама

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңесте қаланың санитарлық жағдайы, жалпы қалалық сенбілікке дайындық және экологиялық айлықты өткізу барысы талқыланды.**



11 қазанда Алматының барлық аудандарында жалпы қалалық сенбілік ұйымдастырылады. Оған 5 мыңнан астам адам қатысады деп жоспарланған. Қала бойынша 23 мекенжайда аумақтарды тазалау, ағаш пен бұта отырғызу және мәдени-танымдық іс-шаралар өтеді. Қалалық экология және қоршаған орта басқармасы хабарлағандай, 11 қазан – 11 қараша аралығында тазалық, абаттандыру және экологиялық мәдениетті арттыру бағытында 19 іс-шараны қамтитын жоспар бекітілді. Айлық аясында «Жасыл мектеп» және «Жасыл аула» акциялары, көшені, арық желісін, аялдама мен жүргіншілер өткелін санитарлық тазалау, сондай-ақ экомәдениетке арналған интерактивті сабақтар өткізіледі.

Шаһарда қыркүйек айының соңынан бері 100 мың бұта отырғызу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта 10,5 мыңнан астам өсімдік егіліп, 15 мың отырғызу шұңқыры дайындалды. Жұмыс сегіз ауданның 13 учаскесін қамтиды.

Кеңес барысында жеке сектормен ынтымақтастықтың жаңа бағыттары таныстырылды. Fabriqa жобасы аясында тоқыма қалдығын жинауға арналған 32 контейнер орнатылып, тәулігіне 1,5 тоннадан астам мата қалдығы шығарылады. Сонымен қатар, «Бақытты отбасы» әлеуметтік орталығымен бірлесіп, әйелдерді жұмыспен қамту және қайта өңделген материалдардан өнім жасау бағдарламасы іске асырылып жатыр.

Eco Network экохабының жетекшісі Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, Алматыда қалдықты бөлек жинау инфрақұрылымы дамып келеді. Қазірдің өзінде 560 тоннадан астам материал қайта өңдеуге жіберілген. Қалада 70 фандомат орнатылып, олар арқылы 176 мың пластик бөтелке мен 45 мың алюминий қалбыр жиналған.

Кеңес қорытындысында Дархан Сатыбалды экологиялық айлық шеңберіндегі барлық іс-шаралардың сапалы өтуін қамтамасыз етуді тапсырды. Әсіресе, қоғамдық кеңістіктердің, арық желілерінің және аулалардың санитарлық жағдайына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Шаһар басшысы тұжырымдағандай, «Таза Қазақстан» бағдарламасы – тазалық мәдениетін қалыптастыруға және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға бағытталған маңызды бастама.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

ТУРИЗМ

# БАНГКОК – АЛМАТЫ

### жаңа тікелей әуе рейсі ашылады

**Алматыда Туризм басқармасының басшылығы мен Thai AirAsia X әуе компаниясының бас атқарушы директоры Паттра Бусаравонгсе бастаған делегация кездесті. Өзара жүргізілген келіссөздер нәтижесінде Бангкок–Алматы жаңа тікелей әуе рейсі ашылатын болды. Алғашқы рейс 2025 жылы 1 желтоқсанға жоспарланып отыр.**

**Дана САДЫРҚАН**

Кездесуде Алматының Туризм басқармасы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен келген саяхатшылар тарапынан қалаға деген қызығушылықтың тұрақты өсіп келе жатқанын атап өтті. Рейсті ашу және AirAsia-мен бірлескен маркетингтік бастамалар Алматыны халықаралық аренада барынша қолжетімді әрі танымал туристік бағытқа айналдырады.

Бангкокта орналасқан Thai AirAsia X әуе компаниясы 2013 жылы құрылған. Тасымалдаушы – Малайзияның AirAsia X және Thai AirAsia бірлескен кәсіпорны. Бүгінде әуе компаниясы бүкіл Азия бойынша алыс маршруттарда ұшудың жайлылығын қамтамасыз ететін тоғыз әуе кемесін басқарады.

Алматыны Оңтүстік-Шығыс Азия нарығында таныту аясында «Алматы туризм бюросы» ЖШС AirAsia әуе компаниясы арасында серіктестік орнаған. Қазіргі уақытта Малайзия мен Сингапур аудиториясына бағытталған ауқымды digital-әлеуметтік медиа науқаны жүзеге асырылып жатыр. Науқан аясында AirAsia логотипі бар Куала-Лумпур – Алматы тікелей рейсінің ашылғанын көрсететін бейнероликтер мен көрнекі материалдар жарияланып, 70 миллионға дейін көрсетілім ұсынылады. Бұл Алматының туристер арасында танымалдылығын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, AirAsia офлайн ілгерілетуді де қолға алған. Куала-Лумпур мен Сингапурда Алматының көрікті жерлері, тау пейзаждары, Көктөбе аспалы жолы, «Медеу» мұз айдыны және қаланың басқа да көрнекі орындары бейнеленген жарқын билбордтар қойылады. Онда Visit Almaty және AirAsia логотиптері де бейнеленеді. Бұл серіктестіктің құндылығын көрсетіп қана қоймай, Алматы брендінің туристік нарықта әлемдік деңгейдегі лайықты орын алуына ықпал етеді.

БРИФИНГ

# АЛМАТЫНЫҢ МӘДЕНИ БРЕНДІ:

## 2030 жылға дейін мегаполисте жаңа театрлар, кітапханалар, арт-кеңістіктер мен мәдени орталықтар ашылады









**Алматы мәдениеттің жаңа форматтағы елдің рухани жүрегі ретіндегі мәртебесін нығайтып келеді. Бүгінде Алматыда театрлар мен мұражайлардан бастап, галереялар мен кітапханаларға дейін 100-ден астам мәдениет мекемесі жұмыс істейді. Мақсат – мәдениетті әр алматылыққа, мектеп оқушысынан бастап зейнеткерге дейін қолжетімді ету. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында мегаполистегі білім, мәдениет және спорт салаларының жетістігі мен өзекті мәселелері қозғалған баспасөз мәслихатында қала әкімінің орынбасары Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ хабарлады.**

Нұржамал ӘЛІШ

### ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

Жыл басынан бері Алматыда 6 жатақхана ашылды, жыл соңына дейін тағы 5 нысан пайдалануға беріледі. «Біз үшін Алматыда білім алып жатқан студенттердің қолайлы жағдайларда тұруы аса маңызды. Осы бағытта инвесторларды қолдаймыз, жоғары оқу орындары мен жеке әріптестер үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынамыз. Бұл – жай ғана құрылыс емес, бұл – ертең қаланы дамытуға атсалысатын жастарға жасалған инвестиция», – деді Азамат Қалдыбеков.

Осы бағыттағы жобалардың жүзеге асу қарқынын арттыру және бизнестің қызығушылығын күшейту мақсатында Алматыдағы ұлттық ЖОО-лар үшін ғимараттарды жатақханаға бейімдеуге берілетін мемлекеттік тапсырыс мөлшері ұлғайтылды. Бұрын бұл көрсеткіш бір орынға 92 АЕК болса, енді ол 182 АЕК-ке дейін артты.

Жалпы, Алматыда білім беру инфрақұрылымын дамыту бойынша қарқынды жұмыс жүргізіліп жатыр. «Қазір қалада 349 мектеп бар, онда 354 мыңнан астам оқушы білім алуда. Халық саны жыл сайын 12–14 мың адамға өсіп жатқандықтан 33 мыңнан астам оқушы орны жетіспейді. Қабылданып жатқан іс-шаралардың нәтижесінде биыл бұл тапшылық 16 500 орынға дейін азаяды», – деді қала әкімінің орынбасары.

Шаһарда «Келешек мектептері» жобасы да үлкен қарқынмен іске аса бастады. Бүгінгі күні жалпы сыйымдылығы 34,8 мың орынды қамтитын 21 мектеп салынып жатыр. Осы жоба аясында 12 600 орынды 8 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Қазан айының соңына дейін тағы 10 500 орынды 5 мектеп ашылмақ. Сонымен қатар, жеке инвестициялар есебінен «сатып алу» тетігі арқылы салынған 11 700 орынды 8 мектеп те биыл пайдалануға беріледі.

### СПОРТ АСТАНАСЫ МӘРТЕБЕСІ

Алматыда спорт инфрақұрылымын дамытуға бағытталған кешенді жобалар да жүйелі түрде жүзеге асырылып жатыр. Атап айтсақ, "Нұркент" ықшамауданында 4 жабық және әртүрлі жабындысы бар 10 ашық кортты қамтитын «Алатау» теннис орталығының құрылысы бітті. Райымбек даңғылы, 312 мекенжайында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнаулы спорт орталығы салынып жатыр. Келер жылы пайдалануға беріледі.

Басты басым бағыттардың бірі – FIFA және UEFA стандарттарына сай 35 мың орынды жаңа футбол стадионының құрылысы. Сондай-ақ, Орталық стадионды қайта жаңғырту, тарихи келбетін сақтай отырып, "Медеу" мұз айдынын жаңарту мен қаланың әр ауданында алты дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу да жоспарланған. Бұл жобаларды іске асырудың басты мақсаты – спорттың барша алматылық үшін қолжетімділігін арттырып, еліміздегі Алматының спорт астанасы ретіндегі мәртебесін нығайту.

Сонымен қатар, алматылық спортшылар республикалық және халықаралық ареналарда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. 2025 жылы олар 4 мыңнан астам медаль жеңіп алды: соның ішінде 3534-і – Қазақстан чемпионаттарында, 119-ы – Әлем кубогының кезеңдерінде, 298-і – Азия чемпионаттарында және 68-і – әлем біріншіліктерінде.

### ЖАҢА ЗАМАНАУИ КЕҢІСТІКТЕР

Алматы – еліміз бойынша қарқынды дамып келе жатқан мегаполис. Бүгінде қаланың әрбір үшінші тұрғыны – 14 пен 35 жас аралығындағы жастар. Жас алматылықтардың жалпы саны 712,3 мыңнан асады.

Кейінгі үш жылда Алматыда жаңа буындағы комьюнити-орталықтардың кең желісі құрылды. Бұл – барлық ауданға тараған, жастарды қолдауға бағытталған толыққанды инфрақұрылым. Мұнда 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтар білімге, кәсіби даму мен жұмыспен қамтуға, әлеуметтік және психологиялық көмекке қол жеткізіп, белсенді қалалық қауымдастықтың бір бөлігіне айналуда.

«Жастарға арналған жүйелі қолдаудың маңызды бөлігі – Алматы қалалық мансап орталығы. Мұнда университеттер мен жұмыс берушілер бір алаңда біріктірілген. Жыл басынан бері бұл орталық арқылы 4 мыңнан астам жас маман жұмысқа орналасты. Қазіргі уақытта Алматыда 11 комьюнити-орталық жұмыс істейді. Бұл – тек коворкингтер ғана емес, жастар үшін ашық әрі қауіпсіз кеңістік», – деді А.Қалдыбеков.

### ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ЫҢҒАЙЛЫ МЕКЕНЖАЙ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Баспасөз мәслихатында Азамат Қалдыбеков Алматы қаласында бұрын аты болмаған көшелерге атау беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын атап өтті. Қалалық топонимиканы жаңарту жұмыстары тарихи жадыны сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту және мегаполис тұрғындары үшін ыңғайлы мекенжай жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы, қала бойынша бұрын атауы болмаған 156 болған көшеге атау берілді.

«Әр ауданда тұрғындарға мекенжай мен тіркеу мәселесінде қолайсыздық тудыратын көшелерді анықтап жатамыз. Біз олардың тізімін жасап, тиісті органдарға ұсынамыз. Көшелерге атау беру кезінде негізінен қазақ топонимдері – жергілікті табиғи және географиялық ерекшеліктерді бейнелейтін атаулар, сондай-ақ көрнекті тарихи тұлғалардың есімдері пайдаланылады. Бізде Алматы қаласынан шыққан және қаланың дамуына үлес қосқан азаматтар қамтылған республикалық тізім бар. Осы ұсыныстар жергілікті ономастикалық комиссияда қаралып, кейін мәслихат пен республикалық ономастикалық комиссияның қарауына жіберіледі», – деді Тілдерді дамыту және ономастика бөлімінің басшысы Бақыт Қалымбет.

### МӘДЕНИЕТ – ҚАЛАНЫҢ КЕЛБЕТІ

«Мәдениет – бұл қаланың келбеті. Алматы әрдайым шығармашыл адамдарды біріктіретін рухани орталық болып келді және қаладағы әр аудан осы мәдени энергияны сезінетіндей жағдай жасау бағытында жұмыс жүргізіп жатырмыз», – деді Азамат Қалдыбеков.

Бүгінде Алматыда театрлар мен мұражайлардан бастап, галереялар мен кітапханаларға дейін 100-ден астам мәдениет мекемесі жұмыс істейді.

25 жылдан бері алғаш рет Қазақ мемлекеттік циркінде кешенді реконструкция басталды. Аңызға айналған ғимараттың тарихи келбеті сақталып, ішкі құрылымы – инженерлік жүйелерден бастап, көрермен залына дейін толық жаңартылады. Сонымен қатар, Наталья Сац атындағы орыс балалар және жасөспірімдер театры мен «Алатау» дәстүрлі өнер театры күрделі жөндеуден өтуде.

Алматының Орталықтандырылған кітапхана жүйесі филиалдарының 97%-ы жаңғыртудан өтті: мұнда өздігінен кітап алу станциялары, цифрлық технологиялар және ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған оқу залдары ашылды. Ал биыл жыл соңына дейін бес ауданда мектептер мен тұрғын кешендердің жанынан жаңа заманауи кітапханалар ашылады.

### РАЙЫМБЕК БАТЫР КЕСЕНЕСІНІҢ МАҢЫНДА МУЗЕЙ АШЫЛАДЫ

Мегаполистегі Райымбек батыр кесенесі аумағында абаттандыру мен құрылыс жұмыстары басталды. Жоба аясында тарихи нысанның айналасы жаңартылып, осы заманғы музей кешені салынады. Азамат Қалдыбековтың айтуынша, жобаның басты мақсаты – кесене аумағын киелі әрі тартымды мәдени орталыққа айналдыру, қала тұрғындары мен қонақтарына тарихи тұлғаның ерлігін дәріптейтін жаңа кеңістік ұсыну.

«Құрылыс жұмыстары барысында кесене маңы толық абаттанып, екі жаңа ғимарат салынады. Оның бірі екі қабатты музей болмақ. Бірінші қабатта мультимедиялық экспозициялар орналасса, екінші қабатта қазақ батырларына арналған тарихи зал ашылады. Музей заманауи VR және AR технологияларымен жабдықталады», – деп атап өтті спикер.

Музейлендіру жұмыстары 2026 жылдың ақпан айында басталып, мамыр айында толық аяқталады деп жоспарланған. Бұл жоба Алматының тарихи және туристік әлеуетін арттыруға, ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, келушілерге Райымбек батырдың ерлік рухын жаңа форматта таныстыруға бағытталған.

### ҚАЛА ТЕАТРЛАРЫ ӘЛЕМ САХНАСЫНА ШЫҚТЫ

Биыл қала театрлары Париждан Мәскеуге дейінгі 20-дан астам әлемдік қалада өнер көрсетті. Мәселен, Қуыршақ театры мен «Алатау» дәстүрлі өнер театры Қазақстан атынан Авиньон фестивалі мен Чехов атындағы халықаралық театр фестивалінде сахнаға шықты. Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған халық аспаптарының көрмесі өтті.

«Біз дәстүрді сақтап қана қоймаймыз – әлем таныған Алматының мәдени брендін қалыптастырып жатырмыз», – деп атап өтті қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков. Спикердің сөзіне сүйенсек, 2030 жылға дейін мегаполисте жаңа театрлар, кітапханалар, арт-кеңістіктер мен мәдени орталықтар салынады. Мақсат – мәдениетті әр алматылыққа, мектеп оқушысынан бастап зейнеткерге дейін қолжетімді ету.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

# ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК

## серуендеуге және демалуға ыңғайлы алаңға айналды

**Бостандық ауданында Торайғыров көшесінің Сайын мен Кекілбаев көшелері арасындағы жаяу жүргіншілер аймағын ауқымды қайта құру аяқталды. Қала тұрғындарының «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысуының арқасында аумақ демалуға, серуендеуге және белсенді өмір салтын ұстануға ыңғайлы әрі қолжетімді алаңға айналып отыр.**

Рая
ЕСКЕНДІР





Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Аудан тұрғындары бұрын аталмыш көшелердің қауіпті әрі жаяу жүргіншілер үшін жарамсыз болғанын еске алады. Олардың айтуынша, жаңбырдан кейін тротуарлар су айдынына айналып, демалатын орын болмай, көгалдандыру жұмыстары қараусыз қалған көрінеді.

Өйткені, инфрақұрылым жайлылық, қауіпсіздік және қолжетімділіктің қазіргі заманғы стандарттарына сәйкес келмеді. Ал тұрғындардың жайлы өмірін көздеп отырған жобаға аудан тұрғыны Айман Бекбергенова бастамашы болды. Бұл ретте аудан тұрғындары да оның идеясын қолдап, аумақты абаттандыру үшін дауыс беруге белсене қатысты, нәтижесінде жоба қаржыландырылып, «Халық қатысқан бюджет» бағдарламасы шеңберінде іске асырылды.

Бүгінде бұл аумақ – ауданы 4,2 гектардан астам абаттандырылған қалалық кеңістікке айналды. Мұнда тактильді тақтайшасы бар кең тротуарлар, веложолдар, демалыс аймақтары, воркаут-алаң, балалардың ойын аймақтары, кешкі жарықтандыру, 500 ағаш пен 1500 бұта, ыңғайлы орындықтар, урналар және көгалдар бар.

Біз әңгімеге тартқан Жансая Әмзе есімді тұрғын: *«Мен қаланың басқа ауданында тұрамын, бірақ жақын жерде жұмыс істеймін. Мен үшін осы арада отырып, түскі үзіліс кезінде кітап оқу бір ғанибет. Осыдан-ақ қала әкімдігінің тұрғындарға қамқорлық көрсетіп отырғаны көрініп тұр»* десе, осы маңдағы дүкен сатушысы Жанна Жақиянова да жаңа қоғамдық кеңістікке ризашылығын жасырмады: *«Бұрын жаңбырдан кейін жаяу жүргіншілер жолынан дүкенге дейін су ағып жататын. Қазір мүлдем басқа. Сыртқа шығып, еркін серуендеп, адамдармен қарым-қатынас жасауға болады. Әсіресе, жастар фотосессиялар ұйымдастырып, ұйымшылдықпен отыратын болды»,* – деді ол.

Иә, бұл маңай кешке қарай тіпті ерекше. Ықшамаудан тұрғындары үшін нағыз демалыс орталығына айналады. Мұнда отбасылар серуендеуге жиі келеді, балалар алаңқайларда алаңсыз ойнайды, ал қариялар жайлы орындықтарға жайғасып демалады. Аудан әкімшілігі аумақты абаттандыру жұмыстары 2025 жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлап отыр.

МИБ

# ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІНДЕГІ ДАУ

## шешімін таба бастады

**Алматы қаласындағы «Шолпан Сити» тұрғын үй кешенінің тұрғындары мен МИБ-тің бұрынғы төрағасы арасындағы дау бірнеше айдан бері жалғасып келеді. Тұрғындардың айтуынша, мәселе қалалық әкімдіктің араласуымен біртіндеп өз шешімін табуда. МИБ-тің қазіргі төрағасы Арайлым Мұратбекқызы жағдайдың мән-жайын баяндап берді.**

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МИБ-тің бұрынғы төрағасы Айман Визатова биыл көктемде тұрғындардың шешімімен қызметінен босатылып, оның орнына бірауыздан Арайлым Мұратбекқызы жаңа төраға ретінде сайланады. Бірақ Визатова «Egov» порталы арқылы қайта тіркеуден өтіп, өзіне төрағалық мәртебесін заңсыз қайтарып алған. Тұрғын үйдің кіреберісіне хабарламалар іліп, өзін төраға болып қайта сайланғанын айтады. Арайлымның айтуынша, бұл жағдай тұрғындардың наразылығын тудырған.

«Бәріміз жиналып, шу көтердік. Өйткені, ол басқару құқығын заңсыз иеленіп отыр. «УправДом» платформасы арқылы дауыс жинамақ болды, бірақ бар-жоғы 36 пайыз ғана дауыс жиналды. Бұл үйде 530-ға жуық пәтер бар. Мұндай нәтижемен ол төраға бола алмайды. Сондықтан біз полиция бөлімшесіне барып, 35 тұрғынның атынан арыз жаздық. Алайда, ешқандай шара қолданылмады. Сол себепті, тұрғындармен бірге жиналыс өткізіп, Президенттің атына және қала әкімдігіне шағым жолдадық», – дейді ол.

Тұрғындардың өтінішінен кейін шағым назардан тыс қалмай, екі күннен соң Алматы қаласы әкімінің орынбасары Алмасхан Сматлаев «Шолпан Сити» тұрғын үй кешеніне барып, халықтың шағымын тыңдайды. «Бейнеролик жарияланғаннан кейін қала әкімінің орынбасары Алмасхан Сматлаев бізді мұқият тыңдап, бір аптаның ішінде үйдің қызмет көрсету орталығын қайтарамыз деп уәде берді. Айтқанындай, бір апта өтпей-ақ өзімізге қайтарылды», – дейді Алмағанбетова.

«Шолпан Сити» тұрғыны Еркін Көшенов мәселені дер кезінде назарға алған қала әкімдігіне алғысын айтты.«Заңсыз әрекет жасап, өзін басшы етіп сайлатпақ болды. Мұндай бассыздыққа көршілер болып қарсы шықтық. Одан нәтиже болмағаннан кейін қалалық әкімдікке және Президентке хат жолдадық. Қала әкімінің орынбасары келіп, жағдайды тексеріп, жауаптыларға жүктеді. Қалалық әкімдікке және әкімнің орынбасарына халықтың атынан зор алғысымызды білдіреміз!»,– дейді қария.

«Шолпан Сити» тұрғын үй кешенінде шешімін таппаған өзге де мәселелер бар. Құрылыс компаниясы үйді бес жыл бұрын пайдалануға берген. Тұрғындардың айтуынша, сол уақыттан бері көптеген мәселе шешілмей келеді. «Ең бастысы – жер телімі бойынша дау. Біз бірнеше рет сотқа да жүгіндік. Сондай-ақ, құрылыс компаниясына тиесілі 120 пәтердің электр энергиясы жалпы үй желісіне қосылып келген. Соның салдарынан бес жыл бойы төлем жасалмаған. Мен сәуір айында келгенде ғана бұл мәселені анықтадым. Бұған дейінгі төрағалар ешқандай есеп-қисап көрсетпеген», – дейді Арайлым.

Тұрғын үйдің энергетикалық қарыз көлемі 4,5 миллион теңгеге жеткен. «Бізге ЭнергоСбыт» компаниясынан «4,5 миллион теңге қарыз бар, жарық өшіріледі» деген хабарлама келді. Құрылыс компаниясына тиесілі пәтерлерден жиналған қарыз екен. Оны ешкім бақылауға алмаған. Біз келгеннен кейін «Смарт ЖКХ» жүйесіне қосылып, барлық пәтерді ресми есепке қойдық», – деді Арайлым Алмағанбетова.

Сонымен қатар, төрағаның айтуынша, компанияның меншігіндегі бассейн, дүкендер мен өзге де коммерциялық нысандардың электр қуаты үшін төлем жасамауы үйдің жалпы қарызын ұлғайтқан. Олар электр энергиясын жеке мақсатта пайдаланған, бірақ төлем жасамаған. «Біз әзірге арыз жазбадық, бірақ бұл жағдай бақылауда. Енді барлығы жүйеге тіркеліп, есеп ресми жүргізіледі», – дейді төраға.

Қазіргі таңда тұрғындар заңсыз қайта сайланған бұрынғы төрағаға қатысты мәселені сот арқылы шешуді жоспарлап отыр. Ал құрылыс компаниясына қатысты іс бойынша сот процесі жүріп жатыр.

БРИФИНГ

# «АЛМАТЫ СУ»:

## қаланың су және кәріз жүйелері толық тексеруден өтті

**Алматы қаласының коммуналдық қызметтері су құбыры мен кәріз желілерін қысқы маусымға дайындау жұмыстарын аяқтады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Алматы Су» мемлекеттік коммунальдық кәсіпорнының өтім жөніндегі департамент директоры Серік ШАГИРОВ мәлімдеді.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ






Коллажды жасаған Нұрбосын ОРІСҰЛЫ.

Кәсіпорынның дерегінше, қысқа қажетті отын мен реагент қоры жеткілікті деңгейде дайындалған. Электр жабдықтарына кешенді тексеру жүргізіліп, сорғы станциялары мен ТЭЦ-1, ТЭЦ-2, ірі және шағын қазандықтарға жеткізуші желілер мен жабдықтар толық сынақтан өтті.

*– Жазғы жөндеу кезеңінде жалпы көлемі 103 мың м³ болатын 30 таза су резервуары мен 800 шақырымнан астам су және кәріз желісі тазартылды. 9,1 мың өрт гидрантына жөндеу жүргізіліп, 100 мыңнан астам құдық тазартылды, 1200 жапқыш арматура ауыстырылды,* – деді Серік Шагиров.

Сонымен қатар, кәсіпорынның барлық автокөлігі мен арнайы техникасына маусымдық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстары жасалды. Қала бойынша тәулік бойы кезекшілік ететін 44 апаттық бригада техникамен және қажетті құралдармен толық қамтамасыз етілген.

Соңғы онжылдықтарда Алматының аумағы едәуір ұлғайып, инфрақұрылымдық жүктеме артқан. 2011 жылдан бері қала көлемі екі еседен астам кеңейді. Соның нәтижесінде соңғы екі жылда 500 шақырымнан астам жаңа су және кәріз желісі пайдалануға берілді. Ал жыл соңына дейін тағы 260 шақырым желі құрылысы аяқталмақ.

Бүгінде Наурызбай және Алатау аудандарындағы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосу мақсатында қала сыртындағы ірі кәріз коллекторының құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қатар, үш жаңа су тазарту нысанының құрылысы да қолға алынған.

Кәсіпорын өз қаражаты есебінен тозу деңгейі жоғары 42 нысандағы 65 км желіні қайта жаңартуда. Қазіргі таңда су құбыры желілерінің тозу деңгейі 51 пайызды құрайды. Жалпы 2000 км су және 1000 км кәріз желісін кезең-кезеңімен ауыстыру қажет.

Маңызды жобалардың бірі – 1971 жылдан бері пайдаланылып келе жатқан Мыңбаев көшесіндегі диаметрі 630 мм магистральдық су құбырын толық ауыстыру. Соңғы бес жылда бұл нысанда 38 апат тіркелген. Жоба іске асқан соң 60 мыңнан астам тұрғын мен ондаған әлеуметтік нысандар сапалы сумен тұрақты қамтылады.

Бүгінде 29 нысанда құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталған. 6 нысанда абаттандыру және жол жамылғысын қалпына келтіру жүріп жатыр. Ал 3 нысанда реконструкция санация әдісімен жүзеге асуда. Мәселен, Тимирязев және Сейфуллин көшелерінде траншеясыз ауыстыру тәсілі қолданылады – бұл әдіс көлік қозғалысын шектемей, құбырларды кейбір кәріз құдықтары арқылы ауыстыруға мүмкіндік береді.

Биыл 4 сорғы станциясын жөндеу, 200 сорғы жабдығын және 444 жапқыш арматураны ауыстыру, 4 трансформаторлық қосалқы станцияны қайта құру және 2 таза су резервуарын салу жоспарланған еді. Барлық шаралар жүйелердің сенімділігін арттырып, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға бағытталды.

Қазан айынан бастап алматылықтар су тұтыну көлеміне қарамастан бірыңғай тариф бойынша төлем жасайтын болады. Бұл тәртіп жыл соңына дейін қолданыста болады, ал 2026 жылдан бастап нақты тұтыну көлемі бойынша есептеу қайта енгізіледі.

*– Әлеуметтік тұтыну нормаларының енгізілуі және су есептегіш құралдарын орнату жұмыстарының жандануы нәтижесінде пәтерлер мен жеке үйлердің су есептегіш құралдарымен қамтылу деңгейі 64%-дан 80%-ға дейін өсті. 15 мыңнан астам абонент кәсіпорынмен тікелей шартқа отырып, қалалық тарифтер бойынша төлем жасау мүмкіндігіне ие болды,* – деді «Алматы Су» өкілі.

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЖЫЛУ БЕРІЛДІ

**Қала әкімінің тапсырмасымен Алматыда жылыту маусымы биыл мерзімінен бұрын басталды. Алғашқы болып балабақша, мектеп және медициналық мекемелерге жылу берілді.**

Алматыда күздің суығына байланысты жылыту маусымы әдеттегіден ертерек басталды. Қала әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен 8 қазаннан бастап әлеуметтік нысандар – балабақша, мектеп және медициналық мекемелер – орталық жылыту жүйесіне қосылады.

Ал тұрғын үйлерге жылу бүгін, яғни 10 қазаннан беріле бастайды. Бұл туралы Алматы қаласының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы хабарлады.

Жылу берілген соң ПИК пен МИБ мамандары үйлердің ішкі жүйесін ретке келтіріп, радиаторлар мен тікқұбырлардағы ауаны шығарып, қысымды теңестіреді. Бұл пәтерлердің біркелкі жылынуын қамтамасыз етеді.

«АлЖЖ» компаниясы айналым режимін іске қосқан. Бұл қажет болған жағдайда жылуды барлық ауданға жедел жеткізуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорын қысқы маусымға толық дайын. 16 апаттық және жөндеу бригадасы (220 маман және 56 техника бірлігі) тәулік бойы кезекшілік етеді. Сондай-ақ, ықтимал ақауларды шұғыл жою үшін материалдар мен жабдықтардың апаттық қоры жасақталған.

**Әзірлеген Құралай ЖҰМАДІЛОВА.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

СҰХБАТ

# ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫРЛЫҚ

## бір сәттік емес, ұзақ әрі жүйелі жұмысты талап етеді

**Бүгінде балаларды табиғатпен тығыз байланыстыру – қоршаған ортаны қорғаудың маңызды қадамдарының бірі. Табиғатқа жанашырлық пен сүйіспеншілікті бала жастан бойға сіңіру – тек мектеп пен ата-ананың ғана емес, сонымен қатар экологиялық ағарту ісімен айналысатын мамандардың да ортақ міндеті. Осы орайда біз Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің эколог-ағартушысы Самал АБИЛОВАМЕН арнайы сұхбаттасып, экологиялық тәрбиенің мәні, табиғи ортада өткізілетін сабақтардың әсері және жас ұрпақтың бойында экосананы қалыптастыру жолдары жайлы сөз қозғадық.**



### Басты мақсат – табиғатты аялауға тәрбиелеу

**– Іле Алатауы ұлттық паркіне келген балалармен жұмыс істеу кезінде ең басты мақсат пен міндет қандай?**

– Біздің негізгі мақсатымыз – келешек ұрпақты табиғатты сүюге, қорғауға, аялауға тәрбиелеу, қоршаған ортаға жанашырлық сезімін қалыптастыру және экологиялық мәдениетті арттыру. Міндетіміз – жастарға табиғат байлығын таныстырып, оның адам өміріндегі маңызын түсіндіру, табиғатты қорғау мен ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу. Балалардың экологиялық ойлау қабілетін арттыру да – біздің басты мақсаттарымыздың бірі.

**– Балаларға табиғаттың құндылығын қалай түсіндіресіз? Қандай әдістер тиімді?**

– Табиғаттың құндылығын балаларға түсіндіруде көрнекілік пен тәжірибеге негізделген әдістер тиімді нәтиже береді. Біз экскурсиялар, ЭКО квестер, фото қақпанға түскен жабайы аңдар мен құстардың бейнематериалдарын ұсыну арқылы және дәріс сабақтар жүргізіп, табиғаттың адам өміріндегі маңызын көрсетеміз. Әсіресе, табиғи ортада өткізілетін әңгімелер, туристік соқпақтарға жасаған экскурсиялар мен бақылаулар балалардың қызығушылығын арттырады әрі алған әсер экологиялық сананы қалыптастыруға негіз болады.

**– Экологиялық сабақтарды қызықты етуде қандай ойындар немесе тәжірибелік әрекет қолданасыздар?**

– Дәріс сабақтарды табиғат аясында өткізу әдісін қолданамыз, бұл әдіс балаларға қатты ұнайды. Мәселен, «Табиғат достары», «Жануарлар әлемі», «Туристік соқпақтар» сияқты эко-квест ойындарын өткіземіз. Сонымен қатар, табиғи материалдармен жұмыс істеу, ағаш отырғызу, құстарға ұя ілу, қоқыс жинау сияқты тәжірибелік әрекеттер балаларға ерекше әсер етеді. Бұл олардың табиғатты қорғауға деген жеке жауапкершілігін оятады.

**– Табиғатпен тығыз байланыс орнатып, маңызын ұғынуға қандай жас аралығындағы жасөспірімдер белсенді?**

– 9–14 жас аралығындағы балалар табиғатты ерекше қабылдап, белсендіәрі шығармашылық тұрғыда әрекет етеді. Бұл жастағы балалардың қиялы дамыған, олар табиғи құбылыстарға қызығушылықпен қарайды. Ал жасөспірімдер табиғатты қорғау мәселелерін тереңірек түсініп, өз ойларын жеткізе алады. Табиғат аясына көп барған бала белсенділік танытқан сәтте шығармашылықты бойына сіңіріп, жауапкершілік алуға бейімделеді. Мұны жиі байқаймыз.

**– Саябақта өткізетін экскурсиялар мен іс-шараларда қамтылатын тақырыптарды атап өтсеңіз?**

– Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде өткізілетін іс- шаралар мен экскурсиялар көбінесе орман экожүйесінің маңызы, флора мен фаунаның алуан түрлілігі, судың және топырақтың экологиялық рөлі, қалдықтарды сұрыптау, табиғатты қорғау акциялары сияқты тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, «Парктер шеруі», «Таза Қазақстан», «Мөлдір бұлақ», «Таза өлке» акциялары мен экологиялық викториналар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Ұлттық паркте мектеп орманшылығы бар, бұл орманшылыққа мектеп оқушылары қатысып, ұйымдастырылатын акциялар мен іс-шараларға белсенді түрде атсалысады.

### Экологиялық тәрбие: ата-ана мен мектептің рөлі

**– Балалар экологиялық тәртіпті үйренген соң, оны күнделікті өмірде қалай қолданады деп ойлайсыз?**

– Экологиялық білім алған балалар оны тұрмыста қолдануға тырысады. Мысалы, қоқысты сұрыптау, суды және жарықты үнемдеу, ағаш отырғызу, жануарларға қамқорлық жасау, табиғатты ластамау сияқты дағдыларды өз өмірінде қолданады. Сонымен қатар, олар бұл мәдениетті өз отбасына және достарына үйретеді. Оқушылар ұлттық парк қызметкерлерімен бірлесіп демалушыларға түсіндіру жұмыстарын да жүргізеді.

**– Табиғат-Ананы аялауда сіз үшін есте қаларлық жоба немесе іс-шара қайсысы болды?**

– Балалармен өткізген барлық іс-шара есте қаларлықтай өтеді. Атап айтсам, «Таза Қазақстан» акциясы барысында балалар өз қолдарымен ағаш отырғызып, табиғаттың тазалығы мен әсемдігіне үлес қосты. Кейін олар өз ағаштарын күтіп, суарып, табиғатқа қамқорлық жасауды үйренді. Ұлттық парк аумағындағы бұлақтардың көзін ашуға да өз үлестерін қосты. Табиғат аясында сурет салып, экологиялық жауапкершіліктері артты, табиғатқа деген сүйіспеншіліктері беки түсті.

**– Балалар экологияға деген қамқорлықты жақсы меңгеруі үшін ата-аналар мен білім ордалары қандай рөл атқаруы тиіс?**

– Экологиялық тәрбиені қалыптастыруда ата-аналар мен мектептің рөлі ерекше. Ата-аналар өз іс-әрекеттері арқылы үлгі болуы керек, күнделікті тұрмыстағы экологиялық мәдениетті сақтап, балаларды табиғатты қорғауға ынталандыруы қажет. Ал мектептердің экологиялық үйірмелер мен сабақтарды жиі өткізіп, ұлттық паркпен тығыз байланыста жұмыс істегені дұрыс. Бірлескен іс-шаралар экологиялық білімнің тиімділігін арттырады. Ата аналар мен ұстаздар тарапынан ұлттық саябақпен тікелей байланыс орнатуы – қуантарлық жағдай.

### Еңбек пен шыдамдылық өте маңызды

**– Экологиялық ағарту барысында қандай қиындықтар кездеседі және оны қалай шешесіздер?**

– Кей жағдайларда балалардың экология саласына қызығушылығы төмен болуы немесе теориялық білімнің аздығы байқалады. Мұндай жағдайда ойын түріндегі сабақтар, табиғат аясындағы тәжірибелік жұмыстар мен бейнероликтерді қолдану арқылы қызығушылықтарын арттырамыз. Ұлттық парк аумағындағы тұқым бақтарға барып, ағаш отырғызу әдісімен таныстырып, балалардың өз көзімен көріп қайтуына жағдай жасаймыз. Сондай-ақ, мектептермен, жоғары оқу орындарымен және еріктілермен байланыс орнату тиімді нәтиже береді.

**– Балаларға арналған экологиялық жобаларды кеңейту бағдарында қандай жоспарларыңыз бар?**

– Негізгі жоспар – болашақта балалар мен жасөспірімдерге арналған экологиялық лагерьлер мен үйымдарды көбейту, ұлттық парк аумағындағы экологиялық білім беру шараларына жастарды көбірек қатыстыру. Сонымен қатар, экологиялық сайыстарға онлайн платформалар арқылы қатысуын қадағалап, оқушылардың қашықтан да табиғатты зерттеуіне жағдай жасау.

**– Жасөспірімдер табиғатты сүю мен қорғауды қалай үйренеді? Бұған көп уақыт пен күш-жігер қажет пе?**

– Табиғатқа жанашырлық, оны сүю мен қорғау – бір сәттік емес, ұзақ әрі жүйелі түрдегі жұмысты талап етеді. Жасөспірімдер табиғатпен жиі араласқанда, оның сұлулығын өз көзімен көріп, құндылығын сезінген сайын, табиғатты қорғауға деген ішкі ниеті күшейеді. Бұл бағытта мектеп, ата-ана және ұлттық парк мамандарының бірлескен еңбегі мен шыдамдылығы өте маңызды. Саябақ қызметкерлері табиғатты сүю мен қорғауда құр сөзбен емес, тәжірибе жүзінде де жасөспірімдерді табиғатты құрметтеуге үйретеді.

**Әңгімелескен**
**Дана САДЫРҚАН.**

ШАҺАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

## маңызды қадам

**Алматыда «Таза Қазақстан» акциясы аясындағы тазалық жұмыстары әлі де жалғасын тауып жатыр. Бұл жолғы іс-шара арқылы да Алматы қаласы өзінің экологиялық жауапкершілігінің жоғары екенін дәлелдеп отыр. Мәселен, қазір қаладағы тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлер мен алаңқайлар арнайы тазалаудан өткізіліп жатыр.**

Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл – тек санитарлық іс-шара ғана емес, экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы маңызды қадам. Өркениетті елдердің бәрінде көшелерді сабынды көбікпен жуу үрдісі бар. Бұл – ең алдымен тазалық әрі зиянды құрт-құмырсқаның жолын жауып, алдын алады.

Жақында Жетісу ауданында орналасқан контейнерлер мен қоқыс алаңқайларына тазалық жұмыстары жүргізіліп, көпқабатты үйлердің аулаларына орналасқан күнделікті тұрмыстық қалдықтар төгетін контейнерлері маңайы дезинфекцияланды. Іс-шара барысында тек контейнерлер ғана емес, олар орналасқан алаңқайлар да өңделіп, дератизация жұмыстары жүргізілді. Бұл – ауру таратушы кеміргіштермен күрестің тиімді әдісі. Контейнерлер жақын орналасқан үйлердің тұрғындары да тазалық іс-шарасын қолдайтынын жеткізіп жатыр.

*– Иә, бұрын бұл жерден жағымсыз иіс шығып, қолқамызды қабатын еді. Енді маңай түгел тазартылып, арнайы сұйықтықтармен өңделіп жатыр. Ойын алаңдары да қоқыс қалдығын төгетін жерден алыс емес.*

*Сондықтан ең алдымен балаларымыз емін-еркін ойнайтын болды. Біздің тілегіміз – осындай жұмыстар жиі өтіп тұрса екен, қаланың тазалығы – әрбір тұрғынның жауапкершілігі,* – дейді «Құлагер» ықшамауданының тұрғыны Мархаббат Мырзаханқызы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Маханбет САНСЫЗБАЕВ, Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы қалдықтарды басқару бөлімінің бас маманы:**

### Түрлі аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы

*Бұл іс-шаралар тек сыртқы тазалық үшін ғана емес, тұрғындардың денсаулығын қорғау үшін де жасалып отыр. Ең бастысы – контейнерлер мен алаңқайларды дезинфекциялау – түрлі аурулардың алдын алудың бірден-бір жолы. Бұдан былай мұндай жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырады.*

БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

# ДИМАШ – ҰЛТ ЖАУҺАРЫ

## Әлемдік деңгейдегі жұлдызымыз Америка төрінде қазақтың рухы мен мәдениетін асқақтатты



(Сурет ашық дереккөзден).

**Күні кеше аузын айға білеген АҚШ–тың ең беделді Madison Square Garden аренасында біздің Димаш Құдайберген жеке концертін берді. Әлемдік БАҚ беттерінен байқағанымыздай, концерт аншлагпен өтті.**

### Қазақстан Гимні мен Ана тілімізге құрмет

Димаш – Американың Madison Square Garden сахнасында жеке концерт өткізген алғашқы қазақстандық әнші. Бұл аренада әйгілі Майкл Джексон, Элвис Пресли, Бейонсе, Андреа Бочелли, Битлз сынды аңыз жұлдыздар өнер көрсеткен. Ең мақтанарлығы – Димашымыз алып Америка төрінде тұрып, ана тілінде сөйледі. Және 20 мың көрерменінің алдында концертінің шымылдығын Қазақстан Гимнімен ашты. Madison Square Garden сахнасындағы сол әсерлі кадрлармен әншінің анасы Света Айтбаева парақшасында бөлісті. Видеодан байқасақ, Димаштың мыңдаған фанаты оған қосылып еліміздің Әнұранын қазақша шырқап тұрды.

«Керемет! Біздің Димаш Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін қазақ тілінде алыс Америка жұртшылығын тыңдауға мәжбүр етті. Жүрегімді мақтаныш кернеп кетті». «Ғажап! Бұл – Димаштың Отанына деген құрмет деп білемін». «Димаш, бүкіл Қазақстан атынан басымды иемін саған! Осы тарихи концертті тікелей эфирде көруге мүмкіндік бергендердің бәріне рахмет айтамын». Әлеуметтік платформаларда осындай пікір қалдырғандар қарасы да өте көп. Бұл концерт оның «Stranger» атты әлемдік турының бастауы.

### Қолындағы телефоны – «iPhone 12»

Атағы мұхит асқан Димаш Құдайберген әлі күнге «Айфон-12» ұстайды. Бұл туралы YouTube желісіндегі «Бизнес под капотом» каналына берген сұхбатында айтты. Сұхбат алушы Айдос Жұмағұлов артистен мұның себебін сұрағанда, ол «Егер қолыңыздағы телефон жұмыс істеп тұрса, жаңасын сатып алудың мәні жоқ» деді. «Әрине, ақша барлық адамға керек. Бірақ ақшаға деген махаббат біздің алақанымыздың тұсында ғана болу керек. Алақанымыз арқылы жүрегімізге өтіп кететін болса, тұла бойымызды билеп, санамызды улап жіберуі мүмкін. Сол себептен, адами құндылықтарды сақтап қалу керек», – деп жауап берді Димаш.

### ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМІ

**Ержан ТӨЛЕК, медиаманан:**

**Көздің қарашығындай сақтау қажет**

Димашты Мехико әуежайына түскен кезде жанкүйерлерінің қалай қарсы алғаны туралы видеоны көріп, қатты алаңдап қалдым. Димаш – әлемдік деңгейдегі жұлдыз. Сондықтан жанкүйерінің көп болары сөзсіз.

Видеода қорғаушылар әлсіз көрінді. Олардың тасқындай толқыған жанкүйерлер алдындағы дәрменсіздігі байқалады. Димаштың әлемде миллиондаған жанкүйері бар. Әрбір қазақ тақым қысып отыр. Меніңше, Димаштың қауіпсіздігі мәселесін елдік деңгейде қамтамасыз ету керек. Ұлттың жауһарын көздің қарашығындай сақтау қажет! Ол жаһанға Қазақтың рухын, тілі мен өнерін танытып, мойындатып жүр! Қазақстанның имиджін қалыптастырып, көптеген елде ұлттың төлқұжатына айналды.

**Бейбіт САРЫБАЙ, ақын:**

**Ұлт мәдениетін жеткізді**

Қаршадай Димаш Американы аяғынан тік тұрғызды, әлемге қол соқтырды. Өткенде Джей Ло келіп концерт беріп, елімізден біраз ақшасын әкетіп еді, Димаш соны қайтарып әкелуге барған шығар. Жоқ, Джей Ло мәдениет әкелді. Кезегінде Димаш та сөйтті. Ұлт мәдениетін жеткізді. Қай жағынан қарасаң да барымтаға қарымта жасады. Тәуелсіздігіміз, тыныштығымыз, бақытымыз бен бейбіт күнімізді баянды болып, асқақ рухымыз бен асқүйек мәдениетімізді Димашымыз дәріптей берсін.

**Рысбек ТОҚТАСЫНҰЛЫ, жанкүйер:**

**Алтын ұлдан айналдық!**

Нью-Йорк төрінде керемет концерт өтті. Қазақтың әні мен тілі, өнері мен мәдениеті насихатталды. Әнұранымызға «Мадисон Сквер Гарденге» жиналған жиырма мыңға жуық адам орнынан тұрып құрмет көрсетті, қол соқты. Мұны істеген жалғыз Димаш! Төбеміз көкке бір елі жетпей қайттық. Көзімізден жас пора-пора болып ақты. Бұл – қуаныштың, елге деген махаббаттың жасы. Көңіл көтерілді. Көңіліміз босады. Ерекше риза болдым, қазақтан осындай ұл туғанына. Ата-анасына, берген тәрбиесіне риза болдым. Қазақтың рухын асқақтатып, әлемге Қазақстанды танытып жүрген ұлдан қалай ғана айналмайсың!

### СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

**ӘНШІ ЖАЙЛЫ ОН ДЕРЕК**

- Димаштың дауыстық диапазоны (Vocal Range) жайында шамамен, 6 октаваға дейін, кейде 6 октава+ бірнеше полутон деген деректер айтылады. Ол whistle register (өте жоғары дауыспен шығатын, кәдімгі soprano немесе сол деңгейден де жоғары ноталар) қолдана алады және ең жоғары нотасы D8 болып есептеледі деген де ақпарат бар.
- Әндерін бірнеше тілде орындайды және музыкасының стилінде классикалық, поп, халықтық, crossover элементтері бар. 8 тіл біледі.
- Димаштың шынтақ тұсында қал секілді жүрекке ұқсас белгі бар. 16 жасынан бастап балмұздақ жемейді. Тамағын сақтайды.
- Әлемнің 150-ден аса елінде әншіге рухани қолдау көрсететін 200-ден аса фан-клуб ашылған. Чили Республикасында Димашты тәулік бойы көрсететін телеарна бар.
- TC Candler-дің тәуелсіз сарапшылары Димаш Құдайбергенді екі рет планетаның ең көрікті жігіті деп таныды.
- Ол Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай елімізде 25 концерт ұйымдастырған.
- Димаштың Қытайда өткен «I am singer» ән байқауының бірінші кезеңінде киген сахналық киімі 158 890 юаньға (7,2 миллион теңгеге) сатылды.
- Қытайдың әйгілі кино актері Джеки Чан Димашты өз студиясына шақырып танысады. Оған жас әнші ою-өрнекті шапан кигізіп, қазақтың қара домбырасын сыйға тартты.
- Қазақтың домбырасына таңқалған жапон журналистеріне: «Домбыра – қазақтың жаны, қазақтың рухы. Ол жай аспаптан да үлкен дүние», – деп жауап берген.
- Димаштың сахнадан тыс өмірін, жүріс-тұрысын, әр қадамын аңдыған бойжеткендер әншіні көру үшін ол отыратын ұшақтарға билет сатып алады екен. Тіпті, оның Қазақстанда өткен концертіне қатысу үшін банктен несие алып келген жанкүйерлері де бар.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АРМИЯ

# ЖАС ДЕСАНТШЫЛАР САПҚА ҚОСЫЛДЫ

## Алматыда Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жастарды әскерге шығарып салу рәсімі өтті

**28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жас сарбаздарды шығарып салу рәсімі өтті. Бұл жолы 30 алматылық жас Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 38-десанттық-шабуылдау бригадасында әскери міндетін өтейді.**

**Іс-шара ел патриотизмін ұлықтап, ұлттық рухты асқақтатқан әсерлі көрініске айналды. Әскери оркестр әуені, ардагерлердің батасы мен ата-аналардың ақ тілеуі жас сарбаздардың бойына ерекше күш-қуат сыйлады.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

### Өмір мектебі



Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары, полковник **Раджан Жанысов** ата-аналарға балаларының сенімді қолда екенін жеткізді.

*– Армия – үлкен өмір мектебі. Бір жыл ішінде олардың көзқарасы кеңейіп, өмірге деген жауапкершілігі артады. Көптеген сарбаздар әскери мамандық алып, кейін келісімшартпен қалуға немесе жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік алады. Біз ата-аналарға «ұлдарыңызды бір жылға бізге тәрбиелеуге беріңіздер, олар азамат болып қайтады» дегіміз келеді,* – деді ол.

Полковниктің айтуынша, биыл десанттық-шабуылдау бөлімдеріне келетін сарбаздардың қатары артқан. Тек Алматының өзінен 340 жас жауынгер осы бригадаға жіберіледі.

### Тарихи рух және батырлар ізі



Орталық Армия үйі әскери-тарихи музейінің директоры, Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Иван Панфиловтың немересі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Алуа Байқадамова** жас сарбаздарға патриоттық рухта үн қатты.

*– Бұл жер – батырлардың ізі қалған қасиетті орын. Панфиловшылар дәл осы жерден майданға аттанған. Сіздердің бүгінгі қадамдарыңыз – сол ерлік дәстүрінің жалғасы. Армия сіздерді шыңдап, елге адал қызмет етудің мәнін ұғындырады,* – деді ол.

### Әскерге бару – мәртебе



Алматы қалалық Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары **Нұржан Естаев** та биылғы күзгі әскерге шақыру науқанының ерекшелігін атап өтті.

*– Бүгін Алматыдан 30 шақырылушы аттанды. Олардың бәрі денсаулығы мықты, психологиялық тұрғыда тұрақты жастар. Әскерде бір жыл бойы жауынгерлік даярлықтың барлық түрін меңгереді. Жақсы нәтиже көрсеткен сарбаздарға тегін грантпен жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігі беріледі,* – деді ол.

### Әже батасы



Жас сарбаздарды шығарып салуға ардагерлермен бірге ата-аналар мен туыстар да қатысты. Солардың бірі – алматылық әже **Толғанай Жәкеева.**

*– Жалғыз қызымның бір түйір баласы, немерем, есімі – Жан. Өз еркімен әскерге барғалы тұр. Барлық немерелерім әскерде болған, енді ең кішісі сапқа қосылды. Ақ жол тілеймін, аман-есен оралып, азамат болып келсін,* – деді ол тебіреніп.

Ал 18 жастағы Жан Тарыбаев болса, әскерге баруды өз шешімімен қабылдағанын айтты.

*– Бұл – әр жігіттің парызы. Өз еркіммен, өз шешіміммен бара жатырмын. Жақсы достар табамын деп ойлаймын,* – дейді ол.

### Ананың ақ тілегі



*– Бүгін біз үшін ерекше күн – болашақ сарбаздарымызды әскер қатарына шығарып салып жатырмыз. Ана ретінде баршаңызға жүрекжарды тілегімді білдіремін. Балаларымыз аман барып, аман-есен туған жерге оралсын. Мына мәңгі оттың алдында кезінде 28 панфиловшы батырларымыз соғысқа аттанған. Бүгін сол қасиетті жерден сіздер де ел қорғау борышына кетіп барасыздар. Бір-біріңізге демеу болып, бауырдай тату, ұйымшыл болыңыздар. Қиындықта бір-біріңізді қолдап жүрсеңіздер, ешбір жау алмайды. Еліміздің намысын абыроймен қорғап, амандықпен оралыңыздар!* – деді жас сарбаз Нұрсұлтан Төреханның анасы **Толқын Кенжеханова.**

**Салтанатты кеште 38-десанттық-шабуылдау бригадасының таулық ротасы қоян-қолтық ұрыстың көрінісін көрсетіп, концерттік бағдарлама ұсынды. Көрсетілім барысында әскерилердің кәсіби шеберлігі мен дене дайындығы айқын көрінді. Ал мерекелік концерт қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шара соңында жиналған жұрт жас сарбаздарға ақ батасын беріп, естелікке суретке түсті. Бұл сәт жастардың ел амандығы үшін қызмет ету – ең үлкен абырой екенін сезінген сәт еді.**

ТҰЛҒАТАНУ

# ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕК –

## замана шындығының көрінісі

**Әл–Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінде қазақтың қабырғалы қаламгерлері Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкейдің туған күніне орай жаңа ғылыми еңбектердің тұсаукесері өтті.**

Дана САДЫРҚАН

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Римма Жақсылықбаеваның «Көсемсөз кемеңгері: Шерхан Мұртаза» атты екі томдық монографиясы оқырманға жол тартты. Ғалым еңбегінде Шерхан Мұртазаның публицистикалық мұрасы, редакторлық мектебі, 1956–2006 жылдары мерзімді баспасөзде жарық көріп, ешбір жинаққа енбеген жарияланымдары топтастырылған.

Журналистика факультеті студенттеріне, қазақ баспасөзін зерттеушілерге, жас ғалымдар мен болашақ журналистерге, журналистік шеберлікке қызығатын барша оқырман қауымға арналған монографияның алғашқы томында Шерхан Мұртазаның 1956–2000 жылдардағы өмірлік, шығармашылық жолына, қазақ публицистикасы мен баспасөздегі редакторлық-ұйымдастырушылық шеберлігіне, очерктеріндегі тілдік-стильдік, көркемдік әдіс-тәсіліне, публицистикалық туындыларының жанрлық түріне, шығармаларының композициялық-құрылымдық поэтикасына ғылыми тұрғыда баға берілген.

Сондай-ақ, Римма Жақсылықбаева ғылыми еңбегінде Шерхан Мұртазаның шығармаларына жазылған рецензияларды, жазушы туралы қаламдас аға, әріптес іні, шәкірттерінің естелігін, қаламгерден алынған сұхбаттарды енгізіп, мақала, очерк, рецензия, эсселерінің библиографиялық тізімін жасаған.

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі, професоор Бауыржан Жақып: «Шерхан Мұртаза – халықтың шырақшысы. Оның публицистикасын зерттеу – ұлт санасына сәуле түсіру. Бұл монография – болашақтағы «Шерхантану» ғылымының берік іргетасы болмақ», – деп баға берді.



«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» қашан да. Ғылым жолында ұстазының соңынан ерген жас ғалым Бағдат Сұлтанқызының «Публицистің шығармашылық зертханасы: дарын табиғаты, жазу машығы» атты ғылыми монографиясы да жарыққа шықты. Еңбекте Оралхан Бөкейдің публицистік шығармаларындағы дарын табиғаты мен жазу машығындағы ерекшелік сипаты айқындалып, сондай-ақ Мұхтар Мағауиннің «Жұлдыз» журналындағы редакторлық қыры һәм көркем шығармаларындағы тарихи, деректі публицистикасы зерттеліп, сараланады.

Көсемсөз – жәй ғана ақпарат құралы деу орынсыз. Өйткені, ол – халықтың жан дауысы, замана шындығының көрінісі, ұрпаққа берілетін аманат. Қазақ публицистикасында Шерхан Мұртаза сияқты алыптар мен Оралхан, Мұхтар сынды тұлғалардың шығармашылығын терең зерттеу – ұлттық сананың жаңа қырларын ашуға жол ашады.

Бірі – Шерхан мұрасын тереңнен танытса, екіншісі – Оралхан мен Мұхтардың публицистикасын жаңа көзқараспен пайымдайтын қос еңбек осы бағыттағы маңызды қадам.

ТҰСАУКЕСЕР

# КҮЙ МЕН ГИТАРА ҮНДЕСТІГІ

## ұлттық әуеннің жаңа тынысы

**Алматыда композитор әрі гитаршы Мұрат Шеризаттың «Küy Guitar I-ші бөлім» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітап тек ноталар жинағы емес, сонымен қатар орындаушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық ретінде де құнды. Бұл жоба арқылы қазақ өнері тек ұлттық деңгейде ғана емес, халықаралық сахнада да жаңа сипатқа ие болмақ.**

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл кітап – қазақтың ұлттық күй мұрасын әлемдік классикалық аспап – гитара арқылы жаңаша жеткізуді мақсат еткен ізденіс нәтижесі. Мұрат Шеризат жинаққа өз композицияларын, олардың нотальқ жазбасын және орындаушылық ерекшеліктерін енгізген. Автордың айтуынша, гитара мен күйдің үйлесуі – кездейсоқ тәжірибе емес, ұзақ жылдық шығармашылық ізденістің жемісі.

*«Күй – қазақтың жаны мен рухының айнасы. Ал гитара – әлем тыңдайтын, түсінетін аспап. Екеуін біріктіру арқылы ұлттық әуеннің жаңа қырын ашқым келді. Бұл еңбегім – қазақ музыкасын жаһандық кеңістікке танытудың бір қадамы. Кітапқа мұндай атау қою – аяқасты келген ой емес. Күй басқалар үшін көбіне домбырамен шырқалатын өнер болса, мен үшін ол – өзгеше тылсым дүние. Күй дегеніміз – өте терең, рухани мәні бар әлем»,* – деді Мұрат Шеризат.

Тұсаукесер кешіне өнертанушылар, музыканттар, мәдениет саласының өкілдері және өнерге қызығушы студенттер қатысты. Қатысушылар автордың гитарада орындаған бірнеше күйін тыңдап туындылардан ерекше әсер алды.

Іс-шараға арнайы келген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі күйші Секен Тұрысбек те композиторға шығармашылық шабыт тілеп, құттықтау сөзін айтып, өзінің бірнеше туындысын орындап, көрермендерді тамсандырды. Іс-шара барысында «Küy Guitar I-ші бөлім» кітабының мазмұны мен құрылымы таныстырылды.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

# ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ

## аласармасын

**Алматы технология және флористика колледжі қалалық Орталық кітапханалар жүйесіне қарасты №45 кітапхана бөлімшесінің оқырмандарына, яғни «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының қарияларына арнап кеш өткізді.**

Нұржамал ӘЛІШ



Қарттарға деген құрмет пен алғысқа толы іс-шарада аға буын мен жастар «дөңгелек үстел» басында жүздесіп, пікір, ой бөлісті. Қазақы құндылықтар туралы әңгіме-дүкен құрды. «Ардагер еңбегіне тағзым» атты кеш жүрекке жылу сыйлады.

Қарттарға арналған мереке «Шаңырақ» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында орналасқан №45 кітапханасында жалғасын тапты. «Дария кеуде, тау мүсін» деп аталған әдеби кештің мақсаты – аға буын мен жас ұрпақ арасындағы рухани сабақтастықты нығайту, ардагерлердің өмірлік тәжірибесін жастарға үлгі ету.

Іс-шара барысында колледждің 1-курс студенттері ардагерлерге арнайы әзірлеген концерттік бағдарламасын ұсынды. Өлең оқылып, ән шырқалып, шағын сахналық көріністер қойылды. Жастардың өнерін тамашалаған ата-апалар да қарап қалмай, бірі сазсырнаймен ән айтып, «Позитив» тобы да әннен шашу шашты. Енді бірі нақыл сөздерін айтып, өмірлік ұстанымдарын бөлісті. Михаил Ковалев, Айымторы Тайғаринова, Светлана Искакова, Галина Канцыпа, Дариға Бейіс, Светлана Яковлевна, Татьяна Надеина сынды өнерлі де сергек, белсенді қарттардың жастарды таңқалдырғаны анық.

Кеш барысында көңілді викториналық сұрақтар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға шағын сыйлықтар табысталды.

– *«Ардагер еңбегіне тағзым» – жәй ғана мәдени іс-шара емес, ұрпақтар арасындағы алтын көпір, рухани байланыс алаңы болды. Студенттер үлкен өмір мектебінен сабақ алып, бойына тағылым мен тәрбие сіңірсе, ардагерлер де жастардың өнері мен ілтипатына риза болып, алғысын жаудырды. Иә, қарттарға деген құрмет аласармауға тиіс,* – дейді Алматы технология және флористика колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Ахмеджанова.

ФЛЕШМОБ

# «ҰСТАЗДАРҒА ТАҒЗЫМ!»

**Алматыдағы Ораз Жандосов атындағы №105 гимназияның екі мыңнан астам оқушылары Ұстаздар мерекесіне тарту ретінде Қазақстанның барлық педагогтеріне арнап ән шырқады.**

*– Ауқымды флешмоб барысында «Ұстаздарға тағзым!» атты әннің әуенімен балалар ел ұстаздарына өздерінің алғысы мен ризашылықтарын білдірді. Осынау жүрекжарды орындауды оқушылардың өздері таңдап отыр. Бұл ең алдымен ұстаз еңбегіне деген құрметтің нышанына айналып, мұғалімдердің жас ұрпақты тәрбиелеу мен білім берудегі өлшеусіз үлесін айқындап отыр,* – дейді мектеп басшылығы.

Ұстаздардың құрметіне ұйымдастырылған флешмоб әр жастағы мектеп оқушыларын бірлікке бастап, сонымен қатар өмірін білім беру ісіне арнаған асыл жандарға арналған нағыз мерекелік қойылымға айналды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

# АЛМАТЫНЫҢ ЕҢ ДӘМДІ АЛМАСЫ

**Алма – сүйікті қаламыздың басты символы, ал Алатау бау-райы – алманың отаны. Есік мемлекеттік дендрологиялық паркінде арнайы комиссия елімізде өсірілетін ең дәмді алманы таңдады.**



Дендрологиялық парк аумағына 10 түрлі алма сорты әкелінді. Ең дәмді алма – «Апорт», «Салтанат», «Гала», «Голден делишес», «Старкримсон», «Ренет аброменко», «Ренет Моисеева», «Джонаголд», «Вилли пинк» (қызғылт) және «Іле алмасы» сорттарының арасынан таңдалды.

Алматының ең дәмді алмасын анықтау үшін қызықты тәсіл қолданылды. Бағалаушылар екі топқа бөлінді, оның бірі академик-ғалымдар, шаруа қожалығынан құралған комиссия болды. Ал тағы бір топ мектеп оқушыларынан құралды. Әр топ бөлек орындарда алманың барлық түрінен дәм татып, өз бағасын берді.

Нәтижесінде арнайы комиссия ең дәмді алма ретінде «Апорт» және «Ренет Моисеева» түрлерін таңдады. Екінші орынға «Ренет аброменко», ал үшінші – «Салтанат» және «Старкримсон» сорттарын жатқызды. Оқушылар тобының таңдауы бұдан өзгешелеу болды, олар бірінші орынды «Вилли пинк», екінші орынға – «Старкримсон» сортын қойды. Ал «Апорт» сорты балалар көңілінде үшінші орынды иеледі.

Айта кетейік, 360 гектар аумақты алып жатқан Есік мемлекеттік дендрологиялық паркі 1959 жылы құрылған. 2016 жылы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізіміне енгізілген.

– Біздің негізгі жұмысымыз – ғылыми зерттеулермен айналысу, ерекше ағаш тектес өсімдіктерді сақтау. Сондай-ақ, бізде 15 гектар аумақта сиверс алмабағы бар. Бүгін үздік деп танылған алма түрін осы бақтағы ағаштарына будандастырып, ауру мен климаттық жағдайға төзімді жеміс түрін шығаруға ниеттіміз, – деді парк директоры Дамир Малгелдиев.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Омар МАМЕДОВ, кәсіпкер:**

## АТА КӘСІБІМІЗ

Алматы тұрғындары үшін қала іргесіндегі көрші аудандардың көмегі көп. Олар біраз жылдан бері шаһар тұрғындарын азық-түлікпен қамтып келеді. Бұған ең алдымен Алматы қаласы әкімдігі мен Алматы облысы әкімдігі арасындағы меморандум негізіндегі келісімшарт негіз болып отыр. Осы қолдаудың арқасында шаруа қожалықтары адал еңбек, маңдай термен өсірген өнімдерін ысырап етпей, несібесін тауып жатыр. Әр аптаның сенбі-жексенбісінде Алматы тұрғындарына өз бақшасының өнімін тасып жүрген Омар – нағыз адал еңбек адамы. Ол алма өсірумен айналысатын «Мамедов» шаруа қожалығының басшысы.

– Жыл сайын Алматының туған күніне, яғни «Apple Fest» мерекесіне тұрақты түрде қатысып келе жатқанымызға тура 11 жылдан асты. Жыл сайын тонналап әкелген өнімнің тек бос жәшіктерін ғана алып қайтамыз. Соңғы жылдары Алмалы ауданы аумағындағы ауылшаруашылық жәрмеңкесіне тұрақты қатысып, өнімдерімізді саудаға шығарудамыз. Бұл да болса бізге үлкен көмек. Әйтпесе, өсірген өнім босқа ысырап болады. Тіпті, бір жылдары қардың астында қалып, біраз жемісіміз үсіп кеткен еді. Қазіргі кезде жағдай жақсарды. Алыстан әкелген жемістеріміз түгел сатылып, еңбегіміздің текке кетпегеніне қуанып жатқан жайымыз бар. Бізге осындай мүмкіндікті жасап жатқан Алматы қаласы әкімдігіне рахмет! Өз ауданымыздың әкімшілігі де өнімдерімізді жеткізу үшін көлік бөліп, барлық жағдайды жасап жатыр. Оларға да рахмет! Қазіргі таңда Мемлекет басшысы еңбек адамын ардақтап, ерекше құрмет көрсетіп жатыр ғой. Мен де сондай құрметке бөленіп жүрген жан ретінде Алматыға, оның тұрғындарына алғысым шексіз, – дейді кәсіпкер Омар Мамедов.

Алма өсіру – Мамедовтер отбасының ата кәсібі. Олардың бүкіл өмірі ес білгелі алма бағында өтіп жатыр. Еңбекшіқазақ ауданындағы «Қаракемер» деген ауылда тұрады. Сол жерде 4 гектардан астам жерлері бар. Алманың 5-6 түрлі сортын өсіреді. Кезінде ата-бабалары бау-бақша егуді кәсіп етсе, енді ұрпақтары сол жолды жалғастырып жатқан жәйі бар. Мамедовтер әулеті алма өсірумен айналысады. Шаруа қожалығында өсірген өнімдер ысырап болмай халық пайдасын көрсе дейді.

АБАТТАНДЫРУ

# МЕГАПОЛИСТІҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ

**Алматы – еліміздің мәдени-экономикалық орталығы. Бүгінде мегаполиске еліміздің өңірлерінен қоныс аударатын адамдардың көбеюі заңдылық. Урбанизация өз кезегінде шаһарда тұрғын үй кешендерінің құрылысын күшейтуде. Себебі, сұраныс бар жерде – ұсыныс көбейеді.**

тексерістен өтіп, саны мен сапасына талдау жасалады



Дегенмен, қала тастан тұрғызылған орманға айналмауы үшін тұрғын үйлермен қатар әлеуметтік, мәдени, спорттық нысандар, әсіресе, саябақтардың да саны артуы қажет. Қала билігі бұл бағытқа да назар аударып отыр. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры Талғат Келтешовтың айтуынша, Алматы қаласының жасыл желектерін бағалау және дендрологиялық жоспарын жасау бойынша екі жылдық бағдарлама іске қосылды. Ол бойынша мегаполистің жасыл желегі тексерістен өтіп, саны мен сапасына талдау жасалады. Сол арқылы қай аудандарда ағаштардың, көшеттердің жетіспеушілігі бар екені анықталады.

– Бағдарлама аясында әр тұрғынға шаққанда қанша шаршы метр жасыл желек бар екенін анықтаймыз. Алматы қаласының 2030 жылға дейін даму жоспары бар, онда әр тұрғынға 15% болуы керек деп көрсетілген. Менің пікірімше, Алатау ауданында тұрғындарға 3-4 шаршы метрден болады. Ал Медеу ауданында 10–15 шаршы метр. Бұл болжам нақты сандарды зерттеу нәтижесі бойынша айтамыз. Осы зерттеудің арқасында қай ауданға көбірек жасыл желекті отырғызу керек екенін білеміз. Қазір 350 мың көшет 8 ауданға тең бөлінген, – деді ол.

Жалпы, Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының мәліметіне сәйкес, қазіргі уақытта Алматы қаласында барлық саябақ, скверлерді қосқанда, жалпы ауданы 1200 гектардан асатын 473 қоғамдық кеңістік бар. Оның ішінде: Алатау ауданында – 102 нысан (144 га), Түрксіб ауданында – 62 нысан (138,8 га), Әуезов ауданында 71 нысан (89 га), Бостандық ауданында – 36 нысан (219 га), Алмалы ауданында 49 нысан (305 га), Жетісу ауданында – 65 нысан (110 га), Наурызбай ауданында 12 нысан (10 га), Медеу ауданында 76 нысан (197 га).

Алдағы уақытта уақытта саябақтар саны әлдеқайда арта түспек. Себебі, енді қоғамдық кеңістіктер тек жергілікті бюджет есебінен ғана емес, әлеуметтік жауапкершілік қағидатын іске асыру аясында кәсіпкерлер мен инвесторлардың қаражатына салынады. Бұл бағытта қала әкімдігі қарқынды жұмыс жүргізіп жатыр. Мысалы, Алатау ауданы Момышұлы көшесінің бойында еліміздегі ірі құрылыс компаниясы 25 гектар аумақты қамтитын заманауи саябақ салуға 6 млрд. теңгеден астам қаржы құюды жоспарлап отыр. Құрылыс жұмыстары биыл басталып, 2026 жылы жазда аяқталмақ. Жоба аясында саябақ аумағында көрікті жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары, балалар мен спорт алаңдары салынады, 500-ден аса ірі ағаш отырғызылады.

Сондай-ақ, Әл-Фараби даңғылы және Дулати көшелерінің қиылысында заманауи FLOW Парк спорт саябағы ашылады. Құрылысқа 3 млрд. теңге қаржы құйылған. Саябақ құрылысы тек демеушілік қаражат есебінен жүргізіледі, бұған мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбейді. FLOW саябағы қала тұрғындары мен қонақтары үшін салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуға және белсенді демалысқа арналған жаңа демалыс орнына айналады.

Айта кеткен жөн, қаламызда қоғамдық кеңістіктердің көбейіп, жаңа скверлердің ашылуына алматылықтар тікелей атсалыса алады. Тұрғындар келесі жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім беріп, өз үйінің жанында жаңа кеңістіктің құрылуына ұсыныс жасауға мүмкіндігі бар.

Биыл Алматы қаласында «Халық қатысатын бюджет 2025» жобасына өтінім қабылдау аяқталды. Қала тұрғындары қаланы абаттандыру мен дамытуға бағытталған 4632 бастама ұсынған. Өтініш саны бойынша Жетісу ауданы көшбасшы болды – 1379 ұсыныс. Екінші орында – Наурызбай ауданы (1138 бастама), үшінші орында – Әуезов ауданы (501 өтінім).

**Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.**

ФУТБОЛ

**Алматыда футболдан ел біріншілігі аясында «Қайрат» пен «Жетісу» командалары арасындағы ойын өтті.**

# «ҚАЙРАТ» КӨШ БАСТАДЫ

Мегаполистің басты спорттық алаңы – Орталық стадион тағы да футбол жанкүйерлеріне толды. Бірнеше күн бұрын осында «Реал Мадридті» қабылдаған «Қайрат» ойыншылары енді «Жетісумен» бақ сынасты. Ойын алдында алматылық ұжым турнирлік кестеде 52 ұпаймен екінші тұрды. Бір матч артық өткізген «Астана» 53 ұпаймен бірінші болды. Сондықтан Рафаэль Уразбахтин шәкірттеріне чемпионатта қайта көш бастау үшін бұл ойында жеңіске жету қажет болды.

Бұған дейін әлемдегі үздік командалардың бірімен ойнаған «Қайрат» Талдықорғаннан келген қарсыластарына қарсы матчты өте сенімді бастады. Алғашқы минуттардан сары-қара жейделі ойыншылар допқа иелік етіп, қайта-қайта шабуыл жасаумен болды. Бұл тактика өз нәтижесін беріп, айып алаңында ереже бұзған «Жетісу» қақпасына айып соққысы қойылды. 9-минутта 11 метрлік допты қақпаға дәл бағыттаған Дастан Сәтпаев есепті ашты.

Одан кейін алматылық ұжымның ойыны ашыла түсті. 19 және 35 минуттарда Жоржиньо, 43-минутта Эдмилсон гол соғып, есепті 4:0-ге жеткізді. Екінші таймда «Қайрат» бапкері Рафаэль Уразбахтин алаңға бірнеше жас ойыншыларды шығарды – Лев Кургин (23 жас), Әділет Садыбеков (23 жас), Азамат Тұяқбаев (18 жас). Жалпы матчтың екінші жартысы ара-тұра шабуылдармен баяу қалыпта өтті. Ал 90-минутта Азамат Тұяқбаев алматылық команда сапындағы алғашқы голын салып, ойын нүктесін қойды – 5:0. Айта кеткен жөн, Азамат Тұяқбаев Чемпиондар лигасының U-19 жас санатында «Спортингке» қарсы өткен ойында екі гол соққан еді.

Бұл жеңістен кейін «Қайрат» ел чемпионатында 55 ұпаймен көш бастады. Одан кейін «Астана» (53 ұпай), «Тобыл» (50 ұпай), «Ақтөбе» (42 ұпай) және «Елімай» (42 ұпай) тұр. Енді «Қайрат» сырт алаңда «Қызылжарға» қарсы ойын өткізеді. Осы маусымның соңғы турында 26 қазан күні Орталық стадионда «Астананы» қабылдайды. Бұл ел чемпионын анықтайтын ойын болмақ. Ел футболындағы өзге де жаңалықтарға тоқталып өтсек, Қызылордада ашылған жаңа «Қайсар арена» стадионында «Тобыл» мен «Ордабасы» арасында Қазақстан кубогының финалы өтті. Бұл матчта қайтарымсыз екі гол соққан «Тобыл» – ел кубогының үш дүркін жеңімпазы атанды.

ДЗЮДО



# КҮМІС ЖҮЛДЕ

**Перу астанасы Лимада дзюдодан жастар арасында әлем чемпионаты басталды. Бұл жарыста Қазақстан құрамасы алғашқы медалін жеңіп алды.**

57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Дана Әбдірова финалға дейін жетті. Жартылай финалда қазақстандық спортшы Бразилия өкілі Джиованна Андрадеден басым түсті. Алайда, шешуші белдесуде Дана жапониялық Мио Шираканеге есе жіберіп, әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды.

СУ СПОРТЫ

# АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

**Су спорты түрлерінен Үндістанның Ахмедабад қаласында өтіп жатқан Азия чемпионаты аясында әртістік жүзу сайыстары өтіп, Қазақстан құрамасы үш медаль жеңіп алды.**



Командалық сайыста (техникалық бағдарлама) отандастарымыз бірінші орынға ие болды. Аралас жұптар арасында (техникалық бағдарлама) Эдуард Ким мен Карина Магрупова күмістен алқа тақты. Ал жұптар арасында өткен сайыста (техникалық бағдарлама) Арина Пушкина мен Ясмин Тұяқова қола медальға қол жеткізді. Оған дейін техникалық соло бағдарламасында сынға түскен Карина Магрупова (240.1600), сондай-ақ Виктор Друзин (228.1708) жеңіс тұғырына көтерілді. Осы бағдарламада Эдуард Ким күміс жүлдегер атанса (223.5584), Ясмина Исламова қола медаль иеленді (204.0066). Ал командалық сайыста (еркін бағдарлама) Қазақстан құрамасы алтын медаль жеңіп алды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

# CHINA YOUTH SMASH ТУРНИРІ



**Қазақстан құрамасының өкілі Алан Құрманғалиев Қытайдың Бейжің қаласында өтіп жатқан China Youth Smash турнирінде қола жүлдеге қол жеткізді.**

Алан жарыстың жартылай финалына дейін жетіп, жастар арасында екі дүркін әлем чемпионы қытайлық Вен Жуйбомен кездесті. Бұл матч 4:0 есебімен қарсыластың пайдасына аяқталды. Осылайша Құрманғалиев турнирді қола медальмен аяқтады. Еске салайық, 1/4 финалда қазақстандық спортшы жастар арасында әлем чемпионы Ли Хеченді 4:3 есебімен жеңген болатын.

МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС

**Алматыда әйгілі қазақстандық спортшы, қысқы Олимпиаданың қола жүлдегері Денис Теннің жарқын бейнесіне арналған мәнерлеп сырғанаудан VI халықаралық «Denis Ten Memorial Challenge» турнирі өтті. «Халық Арена» мұз айдынында ұйымдастырылған жарысқа 18 елден келген 130-дан астам спортшы қатысты.**



Мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан құрамасының көшбасшысы Михаил Шайдоров бұл жарыста алтын медаль жеңіп алды. Спортшы қысқа бағдарламаны (95.01) да, еркін бағдарламаны (187.21) да бірінші орында аяқтады. Жалпы есепте 282.22 ұпай жинады. Грузия өкілі Ника Егадзе 266.90 ұпаймен күміс жүлдеге ие болды. Ал АҚШ спортшысы Джейсон Браун 257.81 ұпаймен үздік үштікті түйіндеді. Ал мұздағы би бағдарламасында Грузиядан келген Диана Дэвис пен Глеб Смолкин жеңіске жетті. Олардың жалпы көрсеткіші – 193.14 ұпай. Екінші орынға АҚШ спортшылары Уна Браун мен Гейдж Браун (178.86) жайғасса, үздік үштікті Швеция жұбы Милла Рейтан мен Николай Майоров (177.25) түйіндеді. Қазақстандық спортшылар Бойсангур Датиев пен Гаухар Наурызова 131.59 ұпаймен тоғызыншы орынға табан тіреді.

Жасөспірімдер арасында тек қазақстандық спортшылар бақ сынады. Олардың ішінде ең үздік нәтиже көрсеткен Артур Смағұлов болды. Ол 159.59 ұпай жинады. Күміс жүлдені Никита Козлов (134.97) иеленсе, қола медаль Кенан Бердібаевқа бұйырды – 126.42 ұпай.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

ОЙТАЛҚЫ

# «ӨКПЕҢ КҮЛГЕ ТОЛАДЫ...»



## Темекінің зиянды әсерінен адам ағзасында зардап шекпейтін мүше жоқ

**Жасыратыны жоқ, қазір кейбір қаракөз қыз–келіншектер шылымын көптен тығылмай–ақ тартатын болған. Өкінішті! Ресми дерек бойынша, Қазақстан халқының 30 пайызы темекі тартады. Олардың 1 миллионы – әйел қауымы.**

### Жүкті әйел шылым шексе...

Кісі аяғы көп жүретін базар маңы. Адам ығы-жығы. Әріректе екі баласына суға бұқтырылған жүгері әперіп қойып, өзі темекісін будақтатып тұрған келіншекті көріп, қынжылғаным-ай! Өткенде салалы саусақтарымен шылым шегіп тұрған жүкті әйелді көріп, тіпті таңданғаным бар-ды. Екіқабат кезінде мүлдем темекі шегуге болмайтынына қандай білім, ақыл керек?!

Темекіге жақын әйелден дені дұрыс бала тумайтыны айдан анық қой. Себебі, іштегі балаға оттегімен қоса түтін баратындықтан нәресте ақыл-ес кемістігіне ұшырауы мүмкін. Темекі құрамындағы аса зиянды полоний элементі (Po210) әйелдің құрсағындағы жұмыртқа жасушаларына жиналып, токсиндік улы зат ретінде мутацияға ұшырайды екен. Баланың кемтар болып туууына басты себеп осы көрінеді.

